ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2026 жылғы 28 мамыр №1112-26-00-2/1173 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.А.Жакупов қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
«Қосшы қаласы әкімдігінің шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Zakup» Жексеитова Жанар Маликовна жеке кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
1)мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы,
2)тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою қанағаттандырылсын.

«Zakup» Жексеитова Жанар Маликовна жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

«Zakup» Жексеитова Жанар Маликовна жеке кәсіпкерден мемлекет пайдасына 2 220 (екі мың екі жүз жиырма) теңге 80 (сексен) тиын көлемінде тұрақсыздық айыппұл және 2 229 (екі мың екі жүз жиырма тоғыз) теңге 12 (он екі) тиын көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 28.05.2026
Заңды күшіне енген күні: 07.07.2026, судья Исенова К. Е., 08.07.2026
1112-26-3-1/1131

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.А. Жакупов**

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 28.05.2026

Заңды күшіне енген күні: 07.07.2026, судья Исенова К. Е., 08.07.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

1112-26-3-1/1131